


Сабақ барысы

Сабақ кезеңдері	Жоспарланған іс-әрекет	Ресурстар
Сабақтың басы (9мин)	Қызығушылығын арттыру «Ширату» жаттығуы. Бейне ролик көру: https://bilimland.kz/kk/courses/mektepke-dajyndyq-alha-balaqaj/balalarha-arnalhan-olengder/lesson/akula-balaqay  type unknown «Лездеме» әдісі конвертте ата, апа, әке, ана т.б сөздер болады. Конверттен бір ғана сөз алады. Сол сөзді атамай басқа ұғыммен (мимика) түсіндіреді. Сөзді тапқан оқушы конверттен сөз алып жалғастырады. «Ойлан жұптас талқыла» Өлеңді мұқият тыңдаңыз. Отбасы – ол ата-ана, Отбасы – ол балалар. Отбасы – ол туыстар, Отбасы үлкен шаңырақ. Өлеңге қатысты суретті тауып, белгілеңіз. «Отбасы» дегенді қалай түсінесіз? Жұпта ой бөлісіңіз. Дескриптор: - өлеңге сәйкес келетін суреттің нөмірін көрсетеді; - дереккөздерге сүйеніп «отбасы» ұғымын сипаттайды ҚБ. «Отшашу» әдісі «Кластер» әдісі бойынша қамқорлық туралы тақырыпты ашамын. А) өзіңнен үлкенге қандай көмек көрсетесің? Ә) өзіңнен кішіге қандай көмек көрсетесің? Б) досыңа қандай қамқорлық жасадың? В) ата-анаңа қандай көмек көрсеттің? Оқушылардан өз отбасы, отбасындағы адамдардың қарым-қатынасы туралы айтуын сұраймын..	

Сабақкезеңдері	Жоспарланған іс-әрекет	Ресурстар
Сабақ ортасы	(ҰЖ) 2- тапсырма. «Пікір алысу» әдісі. Мақсаты:Оқушылар бір қорытындыға келетін мәселеге байланысты пікір таластырады,пайдалы, пайдасыз жақтарын шешеді. Белгілі тақырыпты алып әлеуметтік өмірмен байланыстыру,өз көзқарасын дамыту,өзгені құрметтеуге үйретеді. Сурет бойынша отбасы мүшелерінің қарым-қатынасы туралы әңгімелеңіз. Өз отбасыңыздағы адамдардың қамқорлығына мысал келтіріңіз. 5df9c2c669722.png Image not found or type unknown Дескриптор: Білім алушы - суреттерде бейнеленген қарым-қатынасты сипаттайды; - өз отбасындағы қарым-қатынасқа мысал келтіріп айтады. ҚБ: жұлдызша арқылы бағалау 3-тапсырма. Топтық жұмыс. «Топтық пікір алмасу» ойыны. Белгілі бір тақырып беріледі.Тақырыпқа қатысты идеялар туындауы үшін,топ мүшелері оны талқылайды. Талқылауды жүргізген уақытта олар кезегімен бірін -бірі тыңдайды. Әр топ «әже», «ата», «ана», «әке» отбасы мүшелеріндегі өзара қамқорлықтың маңыздылығын талқылайды, сипаттама береді, әңгімелейді. Әрбір топ әженің, атаның, әкенің, атаның ролін ойнап отбасында қандай қамқорлық жасайтынына сипаттама береді. Дескриптор:Топ оқушылар отбасындағы өзара қамқорлықты айтады.Қамқорлық жасау сипаттама береді ҚБ. « Бас бармақ »әдісі Сергіту сәті: «Төрттік» әдіс (әке,ана,бала,ата,әпке, аға, шежіре, Отбасылық дәстүр менің Отбасым) сол аттарды үш тілде айтқызамын.. 4-тапсырмасы(т.ж) «Көргеніңді айт» әдісі мақсаты Сабақ тақырыбына байланысты суреттерден көріп тұрғандарын айтып беруін тапсырамын.Суретке сәйкес сөзді белгілетемін. Суретке мұқият қараңыз. Бұл отбасында қандай қарым-қатынас қалыптасқан? Белгілеңіз және ойыңызды түсіндіріңдер. 5df9c32612fb8.png Image not found or type unknown Дескриптор: Білім алушы - суретке сәйкес сөздерді дұрыс белгілейді; - өз таңдауын түсіндіреді. Кері байланыс: «Бағдаршам	
Сабақтың соңы	5-тапсырма «Елестету көрнісі» Мәтіннің басты мәнін мүмкіндік болса,елестетуге тырысу керек.Егер мүмкіндік болса,сурет,сызба т,б жапсыру. Қандай қамқорлықтарды білесің? Қамқорлыққа тиісті сөздерді тауып жазады. Мақсаты: кім ата- анасына көп көмектесетін болса алма суретін іледі. Кейбірі орташа көмектесетін болса гүл жапсырады. Ал мүлде көмектеспейтін оқушылар жапырақ іледі. Дескриптор: Білім алушы Ата – анасына көмектесе алады. Қ.б : «Жарайсың», «тамаша» «Жетістік баспалдақ»әдісі Оқушылар өткен материалдарды меңгеруде қай баспалдақта тұрғанын анықтайды. Смайликтерді баспалдақтарға жапсырады. 5df9c3ae3076c.png Image not found or type unknown Қ.б : «Жарайсың», «тамаша» «Жетістік баспалдақ»әдісі Оқушылар өткен материалдарды меңгеруде қай баспалдақта тұрғанын анықтайды. Смайликтерді баспалдақтарға жапсырады.	